

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-27
Силлабус		12 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы»
АҚ жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

СИЛЛАБУС

Пән коды: ЖГП 01

Пәні: Кәсіби қазақ тілі

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» 3.6

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 48/2

Теория: 48 с.

Курс: 1

Семестр: 1

Бақылау түрі: емтихан

Шымкент, 2023 ж.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-27
Силлабус		12 беттің 2 беті

«Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: Ү.Ш.Ахбанбетова

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» 3.6

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 13 «17» 06 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі: [Signature] А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 13 «17» 06 2023 ж.

Төрайымы: [Signature] Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 10 «30» 06 2023 ж.

Төрайымы: [Signature] Г.О. Мамбеталиева

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -2019- SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-27
Силлабус		12 беттің 3 беті

Оқытушылар туралы мәлімет

№	Аты -жөні	Дәрежесі және лауазымы	Қызметі	Жүргізетін пәні	Эл. м/ж.
1	Исабекова Асия Амангелдіқызы	Педагогика ғылымының магистрі	Оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі	asem.0.1@mail.ru
2	Ахбанбетова Урзада Ширинбекқызы	Педагогика ғылымының магистрі	Оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі	urzada81@mail.ru
3	Сарымсақова Жанар Сапарбекқызы		Оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі	Janar – Saparbek@mail.ru

3.1. Кіріспе

ЖОО түлегінің бәсекеге қабілетті, білікті де білімді маман иесі болып шығуы – бүгінгі күннің басты мәселесі. Болашақ маманға қойылар талаптардың бірі - мемлекеттік тілді талапқа сай меңгеріп, оны өз кәсіби саласында қолдана білу құзыреті. Тіл – коммуникация құралы. Тіл амалдарын дұрыс қолданып, әдеби тіл нормасын сақтап, сөзді жатық жеткізе білу үлкен дайындықты қажет етеді. Кәсіби қазақ тілін оқытуда әрмандық саласындағы ұғымдар мен ғылыми атаулардың, терминдердің табиғатын қазақшатерен меңгерту, кәсіби лексиканы толық пайдаланып, қазақша өз ойын анық жеткізу бастыназарға алынады. Тілдік құзіреттілікті қалыптастыру коммуникативті-функционалдық грамматика тұрғысынан анықталып, кәсіби тілдік бірліктердің, терминдердің қолданыстағы қызметі мен мағынасы, ойды нақты жеткізудегі грамматикалық және лексикалық құрылымдардың жүйелілігі – оқытудың басты қағидаттары ретінде ұсынылады. Кәсіби қазақ тілі пәні – нормаға түскен әдеби тілді, іскерлік және кәсіби қарым-қатынастың түрлерін, ғылыми стильдің жанрлық ерекшеліктерін оқытатын және болашақ маманның сөйлеу шеберлігін қалыптастыратын негізгі пән болып табылады.

3.2. Пәннің саясаты:

- сабақтан себепсіз қалмау;
- білім алушының өзіндік жұмыстарын уақтылы кесте бойынша тапсыру;
- сабаққа қажетті оқу-әдістемелік кешеннің электрондық нұсқасын алу;
- сабаққа медициналық терминдер сөздігімен келу;
- белгіленген сөздік минимумды өз мерзімінде жаттап алу;
- сабақ үстінде басқа іспен шұғылданбау;
- сабырмен өзін-өзі ұстай білу, оқытушыларды және өзімен бірге оқитын жолдастарын сыйлау, мейірімді болу;
- сырт көрінісі мен киім үлгісіне тиянақты болу;
- кафедраның мүліктеріне қамқорлық жасау.

Білім алушы сабақтан қалған және өтем қағазы арқылы өтемеген, сабақ үлгерімінің 50%-ын жинамаған жағдайда емтиханға жіберілмейді.

3.3. Пәннің мақсаты:

Қазақ тілін кәсіби деңгейде жетік меңгерту. Коммуникативтік құзыреттілік дағдыны қалыптастыру және дамыту, бәсекеге қабілетті әрі құзыреттілігі жоғары тұлғаның кәсіптік маңызы бар жағдайларда ғылыми тілмен қазақша ойын толық және анық жеткізуі үшін тілдік кәсіби бағдарға дайындықты қамтамасыз ету. Медициналық жоғары оқу орындарындағы кәсіби қазақ тілі білім алушыларды тілді болашақ кәсіптік қызмет бабында және жеке қарым-

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-27
Силлабус		12 беттің 4 беті

қатынасында қолдана алатындай іскерліктер мен дағдыларды, болашақ мамандықтары туралы қосымша мәліметтер мен атқарылатын іс-әрекеттеріне байланысты ақпаратты игере алады.

3.4. Оқыту міндеттері:

Берілген сұрақтарға өзінде бар сөздік қорды пайдалана отырып, дұрыс жауап беруге үйрету. Белгілі бір тақырып бойынша өз ойын дұрыс жүйелі түрде айта алатын дәрежеге жеткізу. Мәтінмен жұмыс істеу барысында көлемді мәтінді оқып түсінуге, мәтіннің мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге дағдыландыру; Естігені бойынша қабылдаған мәліметті қорытып, өз ойын айта білуге үйрету, т.б.

3.5. Оқытудың соңғы нәтижесі:

Білімі мен түсінігі: Оқыту нәтижесінде білім алушы пән мақсатын және міндеттерін біле алатындығын көрсете алады. Болашақ маман кәсіби тілді өз кәсібінің шеңберінде науқаспен қарым-қатынас жасай алады және оған кеңес беріп, пікір білдіре алады. Жұртшылықпен тұрақты байланыс жасайтын кәсіби мамандардың сөз мәдениетін, кәсіпке қатысты лексика мен терминологияны меңгереді.

Білімі мен түсінігін қолдана білу: Оқыту нәтижесінде білім алушы кәсібіне қатысты терминдермен қатар, ауру атауларының қазақша баламаларын, ауру белгілерінің қазақ тілінде қолдана алады. Ауру белгілері және оған қолданылатын ем тәсілдерін айтудағы ұлттық тіл ерекшеліктерін, ауруға байланысты қазақша сөз тіркестерін қолдана алады.

Ой-пікірді қалыптастыру: Оқыту нәтижесінде білім алушы кәсіби сала бойынша мамандығы, сала мамандарының өмірбаяны туралы тұжырым жасай алады. Қазақтың тұңғыш дәрігерлері туралы ақпаратты жинап, олардың еңбектерінен тұжырым жасай алады.

Оқыту дағдылары немесе оқуға қабілеттері: Оқыту нәтижесінде білім алушы ақпаратты жинақтап, оны керекті бағытта жан-жақты талқылай алады. Аурулардың дамуына немесе тез тарауына әсер етуші факторларды зерттей келе, өз пікірін білдіреді.

Коммуникативтік қабілеттері: Оқыту нәтижесінде білім алушы қарастырылатын салада өз бетінше алынған білімдерін, өз пікірлерін жеткізе алады, ақпаратты талдау және тұжырымдай алу қабілеттерін көпшілік алдында көрсете алады

3.6. Реквизитке дейінгі: мектеп бағдарламасындағы қазақ тілі

3.7. Реквизиттен кейінгі: мамандығына қатысты салалық пәндер.

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны

Медицина саласындағы іскерлік коммуникацияның жазбаша және ауызша түрлері. Терминология. Іскерлік тіл және кәсіби қатынастардың этикасы мен этикеті. Мамандық тілі және дәрігердің кәсіби сөйлеу мәдениеті. Түрлі монолог, диалог, полилогтардың құрылуы, сөз мәдениетінің этикеті.

3.9. Сабақтың тақырыптық жоспары

3.9.1. Пәннің тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Лексикалық тақырып: Қазақтың тұңғыш дәрігерлері. Медициналық терминдердің қалыптастыру жолдары. Грамматикалық тақырып: Сөз тіркесі және сөйлем. Еркін тіркес және тұрақты сөз тіркесі. Сөздердің байланысу түрлері	Қазақтың тұңғыш дәрігерлері, олардың өмір жолы туралы түсінік. Термин атауы, терминнің тілдік сипаты, медициналық терминге сипаттама, терминге қойылатын талаптар.	8

QNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-27
Силлабус		12 беттің 5 беті

	мен тәсілдері		
2	Лексикалық тақырып: Адам денесінің құрылысы бірыңғай жүйе ретінде. Грамматикалық тақырып: Сөйлем мүшелері.	Дене бөліктерінің орналасуы туралы түсінік беру және дене бөліктерінің қазақша атауларын үйрету. Сөйлем мүшелерінің ережесін үйрету, бастауыш пен баяндауыштың жасалу жолдарымен таныстыру.	8
3	Лексикалық тақырып: Тыныс алу жолдарының аурулары. Венерологиялық аурулар. Грамматикалық тақырып: Тұрлаусыз мүшелер.	Тыныс алу мүшелерінің мұрын, кеңірдек, бронхы, өкпе, кеуде қуысыт.б. түрлерінің қызметі.	7
	№1 Аралық бақылау	1-3 тақырыптар бойынша тест, ауызша/жазбаша түрде алынады.	1
4	Лексикалық тақырып: Жүрек қан тамыр және асқорыту жүйелерінің аурулары. Грамматикалық тақырып: Құрмалас сөйлем және оның түрлері.	Жүрек қуысының бөлінуі. Қантамыр жүйесі- қан ағатын түтікшелер жүйесі. Асқорыту ағзалары және гастри сыртқы және эндогенді деп екі топқа бөлінуі.	
5	Лексикалық тақырып: Алғашқы медициналық көмектің маңызы. Грамматикалық тақырып: Салалас құрмалас сөйлем. : Сабақтас құрмалас сөйлем.	Алғашқы медициналық көмектің негізгі мақсаты – адам өмірін құтқару. Ең бастысы – алғашқы секундтарда дұрыс әрекет етуге үйрену, дәрігерлер келгенше апатқа ұшыраған адамның өмірін сақтап қалу.	8
6	Лексикалық тақырып: Медицинадағы іс жүргізу негіздері. : Ғылыми тезистер.Ғылыми тезистердің рәсімдеу тәртібі. Грамматикалық тақырып: Аралас құрмалас сөйлем.	Медицина саласында жарғы, қаулы, нұсқау, ереже, бұйрық сияқты құжаттар арқылы жүргізіледі.Ғылыми тезисті жалпы ережесі туралы түсінік. Ғылыми тезистер.Ғылыми тезистердің рәсімдеу тәртібі.Өтілген тақырыптар бойынша талқылау	7
	№2 Аралық бақылау	4-6 тақырыптар бойынша тест, ауызша/жазбаша түрде алынады.	1
	Барлығы		48
	Пәннің жалпы сағат саны		48

1.10. Әдебиеттер тізімі

1.10.1.Негізгі әдебиеттер

1. Абдрахманова, Г. Х. Қазақ тілі: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2014. - 132 бет.
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет.
3. Доскеева, Б. Ж. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарының 1 -курсына арналған: (Жалғастырушы топтар үшін) / Б. Ж. Доскеева. - Алматы : Ана тілі, 2000. - 191 бет

QONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-27
Силлабус		12 беттің 6 беті

4. Джумадиллава Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Досмамбетова Г.Қ., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж.. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017
8. Бозбаева-Хунг А.Т., Балабеков А.К., Досмамбетова Г.Қ., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж. Қазақ тілі: орта деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017.
9. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Сейсенова А.Д. Қазақ тілі: қарапайым деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана, 2016.
10. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Хазимова Ә.Ж., Салыхова Б.О. Қазақ тілі: базалық деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана, 2016.
11. Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі: орта деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2016.
12. Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2016.

Қосымша:

1. Ақанова Д.Х., Алдашева А.М., Ахметжанова З.Қ., Қадашева Қ., Сүлейменова Э.Д. Ресми-іскери қазақ тілі. Оқулық кешені. Бірінші деңгей. Екінші деңгей. Үшінші деңгей. –Алматы, «Арман -ПВ», 2002ж.
2. Бизақов С. Синонимдер сөздігі – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 640 б.
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарты. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру. ҚР СТ 1925-2015 – Астана, 2015

Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www.soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz.

3.11. Пәнді оқытудың түрлері мен әдістері:

Теориялық сабақтар: Шағын топпен жұмыс. Бағыт беру, Жұптасып жұмыс жасау Презентация. Бағыттау. Мәтінмен жұмыс. Жаттығу жұмыстары. Сөздік жұмысы.

3.12. Білімді бағалаудың критерийлері және ережелері:

Ағымдық бақылау: ауызша сұрақ жауап жүйесінде жүргізіледі.

Аралық бақылау: тестілеу, сұрақ- жауап, 3 және 6 күнінде өткізіледі.

Қорытынды бақылау: тестілеу.

-Білім алу нәтижелерінің суммарлық бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі.

Платонус бағдарламасымен автоматты түрде есептелген жіберілу рейтингі (ағымды және аралық бақылаулардың ортақ баллы) қорытынды бағасы ретінде алынады. Емтихан ауызша алынады. Ауызша алынған немесе тест жүйесі бойынша алынған емтихан бағасын пән оқытушысы Платонус ААЖ-ға қояды.

Қорытынды бақылау: (емтихан) тест

Емтиханға пәннің бағдарламасын толық меңгерген және үлгерім рейтингісін алған білім алушылар ғана жіберіледі. Үлгерім рейтингтік бағасы мен емтиханның нәтижелерінің қосындысынан шығатын әр пән бойынша қорытынды баға анықталады, бұл жердегі 60% - жіберілу рейтингтік бағасы, 40% - емтихан нәтижесі болып табылады.

Әріптік бағалау	жүйемен	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
-----------------	---------	----------------------------	----------------	--------------------------

A	4,00	95-100%	Өте жақсы
A-	3,67	90-94%	
B+	3,33	85-89%	
B	3,00	80-84%	Жақсы
B-	2,67	75-79%	
C+	2,33	70-74%	
C	2,00	65-69%	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64%	
D+	1,33	55-59%	
D	1,00	50-54%	Қанағаттанарлықсыз
F	0,00	0-49%	

3.12.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
БҚ 1.1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдана алмайды; 2) тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қолдана алмайды; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерін ескермей, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алмайды.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдануды біледі; 2) тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қателікпен айтады; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді ескермей, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа жартылай қатысады.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдануды меңгерген; 2) тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қолдануды біледі; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді ескере бермей, бірақ осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде сауатты қолдана алады; 2) тілді меңгерудің базалық деңгейіне арналған лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді нақты коммуникативтік қатынастарда қолдана алады; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады.
БҚ 1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алмайды; 2) өзінің жеке	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелердің бар екендігін біледі; 2) өзінің жеке ниеттері мен	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алады;	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылай алады; 2) өзінің жеке

QONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»					
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы					044-73/11-27
Силлабус					12 беттің 8 беті
	және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.	ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асыра алмайды, оларды лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алмайды; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алмайды, өз көзқарасын білдіре алмайды, оны дәлелдей алмайды.	қажеттіліктерін жүзеге асырады бірақ лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда толық жеткізе алмайды; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне өздігінен баға бере алмайды, өз көзқарасын білдіре алады, бірақ дәлелдей алмайды.	2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктері н жүзеге асырады лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда түсіндіре алады; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттерін өздігінен бағалай алады, өз көзқарасын айта алады.	ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асыра алады, оларды этикалық, лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алады; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алады, өз көзқарасын білдіре алады, оны дәлелдей алады.
БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар: жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді. Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алмайды; 2) Түрлі дереккөздерді пайдалана алмай, әңгімелескен адамды дәлелсіз сендіре алмайды. 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алмайды және прагматикалық талдау жасай алмайды.	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауды және хабарлауды түсінеді; 2) Түрлі дереккөздерді біледі, әңгімелескен адамға өз ойын жеткізеді; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады, бірақ прагматикалық талдау жасай алмайды	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай біледі; 2) Түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамдарға дәлелмен түсіндіре алады; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын біледі және прагматикалық талдауды түсінеді.	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алады; 2) Түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алады; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдау жасай алады.

Аралық бақылауды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Жазбаша, тест	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқилатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Тест

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SKMA - 2019 - MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-27	
Силлабус		12 беттің 9 беті	
	B- (2,67; 75-79%)	бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.	
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. . Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.	
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді .	

Емтиханды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Тест	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді .

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-27
Силлабус		12 беттің 10 беті

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-27
Силлабус		12 беттің 11 беті

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-27
Силлабус		12 беттің 12 беті